

ПӘНДІ ҮШ ТІЛДЕ ОҚЫТУДЫҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Оразакиева Ә.

Бүгінгі таңда еліміздің оқу орындарында шет тілін оқыту басты міндеттердің бірі болып табылады. Бұған дейін ағылшын тілін оқыту баяу қарқында дамыса Тәуелсіздік алған жылдардан бастап ағылшын тілін білу кез-келген білімді азаматқа қажеттілік тудырды. Ғылымның қай саласында болмасын ағылшын тілі қарым-қатынас тілі болып қалды. Сондықтан ғалымдар арасында өзара пікірталастар болып, жоғарғы оқу орындарында, мектептерде шет тілдерін қалай оқытамыз деген сұрақтар тұрды.

Академик Л.В.Шерба бұл сұрақты түйіндей келіп: *«Шетел тілі сабағы үстінде тек шетел тілінде ғана жаттығулар жасау арқылы ана тілін алып тастауға болғанымен, оқушының санасынан алып тастау мүмкін емес»* екенін ескертеді. Әрине, бұл тұжырымның да берері мол. Себебі оқушы ана тілінің ерекшеліктерін ескеру принципі арқылы шетел тілін тез үйрене алады. Оның ойлау жүйесі де өз тілінде дамитынын да естен шығаруға болмайды.

Сондықтан шетел тілін үйрету үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға тура келеді. Мектептерде шетел тілдерін оқытудың тиімді методикасын құру үшін шәкірттердің ана тілін, оның шетел тілін меңгеруге тигізетін ықпалын ескеру керек. Осы орайда жаңа педагогикалық технологиялар элементтерін қолдана отырып, оқушыларға әр пәннің ғылыми негіздерін меңгертуге, оқушылардың ойлау қабілеті мен шығармашылық әрекетін дамытуға оқытудың ең озық әдіс-тәсілдерін қолданған жөн. Әрбір тақырыпқа сай жоспарлап сабақ үлгерімі нашар оқушылармен сабақ үстінде және сабақтан соң жүргізілетін жұмыстарды алдын-ала белгілеп, олардың шығармашылық жауапкершілігін арттыру бүгінгі күннің талабы. Екінші бір мәселе оқушыға грамматикалық ерекшеліктерін жаттатып қана қоймай, оқушының сөз үйренуін, сөйлесу қабілетін арттыру білімін кеңейтпесе төмендетпейді. Ағылшын тілінде негізінен 44 әріп бар, ал осы тілде пайдаланылып келе жатқан әліпбиінде 26 әріп қана бар. Қазақ оқушыларының ағылшын тіліндегі дыбыстарды дұрыс меңгеруіне ана тілінің тиімді ықпалын пайдаланып, тиімсіз ықпалына қарсы күресіп, қиындықтарды жеңу керек. Бұл үшін екі тілдің дыбыс жүйесін салыстыру керек. Бұл арқылы қандай дыбыс екі тілде, қандай дыбыстар бір тілде бар екенін, жоқ екенін анықтап алсақ тіл үйренуіміз жеңілдей түсер еді.

Енді бір ескеретін жай екі тілдегі дыбыстардың тіркесу заңдылықтарының бірдей еместігі. Мысалы, қазақ тілінде сөз басында екі дауыссыз дыбыс қатар тіркесіп келмейді. Мұндай сөздер тек орыс тілі мен немесе сол басқа тілдерден енген кірме сөздерде кездеседі: стакан, шпион, шпана, шляпа; мұндай сөздерді айтқанда қазақтар екі дауыссыз дыбыстың

арасына немесе сөздің алдына тиісті дыбыс қосып айтады (ышпана , ыстакан), ағылшын тілінде мұндай тіркестер кездеседі: *three, brother, what, problem*. Сондықтан сөздің дыбыстық құрамы дәл болуы үшін фонетикалық транскрипция қолданылады. Ағылшын тілінің дыбыстық қатарымен қазақ тілінің дыбыстық қатарын қазақ тілінде / Ө, Ә, w, dz, i, u:, ou, uə, a:, ə:/ жоқ екенін байқаймыз. Бұл фонемаларды еркін дыбыстау үшін коммуникативті фонетикалық жаттығулар көмегімен айнаға қарап отырып, бірнеше рет қайталаған жөн.

Мысалы: These are three brothers.

This is their other brother.

These are their father and mother.

Their other brother is teething.

Қазақ тілінде сөздер қатаң /i/ дыбысына аяқталуы мүмкін. Қ.Б.Бектаевтың: «Қазақ тілінің кері алфавиттік сөздігіне үңілсек /д/ дыбысы тек қана өзге тілден енген сөздерде кездеседі екен. Мысалы, *лорд, этюд, гибрид, секунд, снаряд*. Сондықтан қазақ балаларына ағылшынның *head, said, would* сөздерін / *head, said, would* / деп айтудың орнына [*het, set, vult* деп айту оңай. Бұл қателерді жібермес үшін фонетикалық жаттығулар жасау керек . [A good cook book is important for good].

Қазақ тілінде сөздегі екпін сөздің соңғы буынына түсетіндіктен (ks, kt] дауыссыздардың арасында қысқа [i] дыбысы айтылады. Мысалы, *бүркіт, іркіс*. Сондықтан оқушы әдетте *books, asked* деп айтудың орнына [*bukis, askit*] деп айтады.

Ағылшын тілі мен қазақ тілі генетикалық жағынан да типологиялық жағынан да бөлек топтарға жататын тілдер. Алайда екі тіл арасында грамматикалық ұқсастықтар бар. Екі тілде де сөз таптары толық мағыналы сөздер /зат есім, етістік, сан есім, сын есім, үстеу, есімдік/ сөздер мен шылау сөздерден тұрады. Синтаксис саласында да ұқсастық бар. Екі тілде де жай сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдер бар. Сөйлемдер бір-бірімен меңгеру, жанасу, қиысу сияқты тәсілдер арқылы тіркеседі. негізінен ағылшын және қазақ тілінің интонациялық тілінің контурлары /пішіндері/ бір-біріне сәйкес келетіндіктен ағылшын интонациясын меңгеруде қиындықтар болмауы тиіс. Соған қарамастан оқушылар дауысын еркін басқара алмай, талғаулы сұрақтардың кейде жалпы және арнайы тіпті бекіту сұрақтардың интонацияларын ұзақ уақыт бойы дұрыс айта алмайды. Алғашқы кезде оқушыларды талғаулы, арнаулы және дара сұрақтардың интонациясын дұрыс қолдану қажет. Екі тілде де зат есімдер септеледі және көптеледі. Қазақ тілінде зат есімнің көптелуі бірыңғай - *лар, - лер, - дар, - дер, - тар, - тер* деген жалғаулар арқылы жасалса, ағылшын тілінде /s және es/ деген жалғаулар арқылы жасалынады.

Оқушылар - pupils

Балалар - boys

Қораптар - boxes

Көйлектер - dresses

Ағылшын тілінде екі түрлі артикльдер бар *a, an, the*, ал қазақ тілінде жоқ. Белгілік және белгісіздік категориялары грамматикалық тәсілмен емес, лексикалық тәсілмен беріледі. Бұл ағылшын тіліндегі артикльді меңгеруге қиындық келтіреді. Екі тілде де етістік үш шақты білдіреді: осы шақ, өткен шақ және келер шақ. Бірақ осы үш шақты білдіру үшін де екі тілде де әртүрлі шақ формалары қолданылады. Синтаксис саласында да белгілі ұқсастықтар мен ерекшеліктер бар. Екі тілде де баяндауыш, бастауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш бар. Бірақ қазақ тілінде баяндауыш сөйлемнің соңында тұрса, ағылшын тілінде бастауыштан кейін тұрады.

Мысалы:

Мен сағат жетіде тұрамын

I get up at 7 o'clock

Анықтауыш екі тілде де анықтайтын сөздің алдында тұрады: Teachers book, мұғалімнің кітабы. Осындай ұқсастықтар мен айырмашылықтарды сын есімнен де көруге болады. Екі тілде де сын есімнің шырайлары бар. Олар жұрнақ, жалғау арқылы жасалынады.

Үлкен - үлкенірек - ең үлкені

big - bigger - the biggest

Ұзын - ұзынырақ - ең ұзыны

long - longer - the longest

Ағылшын тілінде көп буынды сын есімдердің алдына *more* және *the most* деген сөз қойылады:

different - more different - the most different

interesting - more interesting - the most interesting.

Сан есімдер қазақ тілі мен ағылшын тілінде де реттік және есептік болып бөлінеді. Ағылшын тілінде 13-тен 19-ға дейін *teen* деген суффикс қосылса 20, 30, 40 деген сан есімдерге *ty* деген жұрнақ қосылады.

Тағы бір ерекшелігі ол бірінші, екінші, үшінші деген есептік сан есімдерден басқа реттік сан есімдер де *th* деген жұрнақ жалғанады.

Міне, осындай ерекшеліктерді еске ала отырып, мұғалім сабақ түсіндіргенде біріншіден оқушыларға таныс лексиканы қолданған абзал. Екінші бір ескерер нәрсе грамматикалық материалдарды текстен бұрын өту керек.

Грамматикалық материалдарды бекітуге арналған жаттығулар төмендегі талаптарға сәйкес болуы тиіс:

1. Жаттығулар грамматикалық материалдармен жұмыс істелінуі тиіс;
2. Олар сөз әрекетінің дамытылып отырған түрлерінің психофизиологиялық және лингвистикалық заңдылықтарына сәйкес келуі керек.
3. Жаттығулардың коммуникативті бағдары болуға міндеттеледі.

Шетел тілін оқу процесі ана тілін меңгеруді жақсартуға көп әсерін тигізеді. Оқушы шетел тілін үйрену арқылы ана тіліндегі ойды жеткізу тәсілдерін тереңірек түсінеді. Толып жатқан аударма, жаттығулар жасап, оқушылар шетел тіліндегі сөйлемдердің ана тіліндегі бірнеше варианттарын табады, сөйтіп ана тілін бұрынғысынан жақсы меңгереді. Шетел тілін үйрену оқушылардың логикалық ой-өрісін дамытуға көмектеседі. Атап айтқанда мәтінге, тақырыпқа жоспар құру, жоспарға,

суретке қарап әңгіме айту оқушылардың логикалық жүйелі ойлауын дамытады. Жоғары сынып оқушылары тілін үйреніп отырған елдің тарихы, географиясы, әдебиеті, мәдениеті жөнінде жазылған мәтіндерді оқып танысады. Сөйтіп олар өздерінің білім деңгейін көтеріп, ой-өрісін кеңейте түседі.

Міне, осыларды жүзеге асыру үшін шет тілін оқыту процесінде көрсету, түсіндіру, жаттығу әдістерін қолданып отырған жөн. Ең негізгі орынды - көрсету әдісі алады. Мұнда заттарды, суреттерді, түрлі кестелер мен схемаларды көрсетумен қатар, сөз технологиясын көрсету ауызша, жазбаша сөздің қалайша жүзеге асырылатынын көрсету басым орын алады. Мысалы, жаңа сөздерді алғанда суреттермен қатар дыбыстардың айтылуын, олардың қосарланып келуін атап өткен жөн. */teacher, telephone/* Мысалы, сұрақ-жауап, диалог, монолог тыңдап-түсіну арқылы. Оқушыларға осы әдістерді толық меңгере отырып қазіргі заман талабына сай оқытудың жаңа технологияларын жаңаша әдіс-тәсілдерін сабақта үнемі қолдана отырып, пәнаралық байланысқа көңіл бөлген жөн. Осы мақсатта сабақтың дәстүрлі, дәстүрлі емес ойын, кіріктірілген сабақ, саяхат, аралас сабақ түрлерін жиі өткізіп отыру керек. Мысалы, Жанпейісованың үлгілерін «уақыт, сан есімдерді» өткенде, «Брейнг ринг», «Бинго» ойындарын жаңа сөздерді және етістіктерді өткенде, Лысенкованың тірек үлгілерін, грамматикалық материалдарын өткенде, бала бойындағы дербестік, адамгершілік, белсенділік қасиеттерін дамытуға, Давыдовтың дамыта оқыту технологиясын мәтіндерді оқығанда пайдалануға болады. Алған білімдерін тест бойынша тексеріп, деңгейлік тапсырма бойынша жазбаша орындату мүмкіндігі бар. Осылайша:

1. Әр оқушы өз бетінше жұмыс істеуге үйренеді.
2. Оқушының жеке қабілеті айқындалады.
3. Бір бірінен қалмауға тырысады.
4. Олардың өз деңгейінде ойлау қабілеті артады.

Ал, бұл жұмыстардың оқушыға көп қиындығы бола қоймайды. Әсіресе деңгейлік тапсырманы тексеру мұғалім үшін ауыр. Сондықтан оқушыларды топ - топқа бөліп отырғызған ыңғайлы. Тесттік бақылаулар, тірек конспектілерін, фафикалық сызба түрінде сабақты қорытуға, есте сақтауға, қайталауға қолданамыз. Тірек конспектісінің түрі оңай, қысқа болу керек. Тест жұмыстарын мөлшерлеген уақыттан бұрын орындаған оқушыларға басқа балалардың жұмыстарына көмектесуге мүмкіндік жасау керек. Бұл оқушының өзіне деген сенімділігін арттырса, ал қалған оқушылардың еліктеушілік қабілетін оятады. Қарым-қатынас жасау біліктілігі өзара тығыз байланысты 3 бағытта іске асырылады. Әлеуметтік мәдени мазмұнда:

1. Өзінің және өзге елдің мәдениетін танып білу.
2. Өз елін және шетел әлемін жан-жақты саралау, білу, зерттеу.
3. Ойлау қабілеттерін әлеуметтік жоспарларын, бағалы жақтарын талдау. Қандай тілде болмасын оқу, жазу, сөйлеу, тыңдау дағдыларын

дұрыс іске асырғанда ғана мақсатқа жетуге болады. Сонда ғана нәтижеге бағытталған білімнің жетістіктеріне жете алмақпыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан мектебі» журналы.
2. «Қазақстан мұғалімі» газеті .
3. «Мектептегі шетел тілі» журналы.
4. «Бала би» журналы.
5. С.Әбдіғалиев «Неміс тілін оқытудың негіздері.
6. Ағылшын тілін оқыту әдістемесі.
7. Сынып жетекшісі журналы.

Summary

In the article author considers methodological aspects of teaching of the school in three languages. In an article in the context of pedagogical theory consider the specifics of literary works in general. The essence of the objectivity of a literary work, mainly analyzed in accordance with the theoretical terms of artistic expression.

Өзінің ішкі бірлігін нығайта алған халықтар ғана тәуелсіздігіне қол жеткізе алады. Және оны қорғап қала алады.

Мұстафа Шоқай
